

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның

Бекітемін
«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның
меңгерушісі А. Мырзағалиева



Педагогикалық әдеп кеңесінің жылдық жұмыс жоспары.
2024-2025 оқу жылындағы

2024-2025 оқу жылы

Педагогикалық әдеп кеңесінің жылдық жұмыс жоспары.
2024-2025 оқу жылындағы

Жалпы мақсаттар:

Балабақшаны әкімшілік, педагогикалық және әкімшілік –қызметкерлері үшін моральдық және кәсіби мінез-құлық нормаларын сақтауды үйлестіру.

Міндеттер:

Білім сапасын жақсарту және жас ұрпақты тәрбиелеу үшін педагог қызметкерлердің, тәрбиеленуші, жергілікті қоғамдықпен кәсіби өзара қарым қатынастарын реттеу.

№	Атқарылатын жұмыстар тақырыбы	Өткізілетін уақыты	Жауаптылар
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің 2024-2025 оқу жылына арналған жоспарды әзірлеу, енгізу және бекіту	Тамыз	Меңгеруші А.Мырзагалиева Әдеп кеңес төрайымы Б.Улукпанова
2	«Педагог-педагог» жүйесіндегі кәсіптік қарым-қатынастың жалпы сипаттамалары	Қыркүйек	Меңгеруші А.Мырзагалиева
3	Педагог қызметінің ерекшеліктері және өз еңбегіне қатынасының адамгершілік негіздері	Үнемі	Әдеп кеңесінің мүшелері
4	Этиканың негізгі категориялары	Қазан	Әдеп кеңес төрайымы Б.Улукпанова
5	Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	Үнемі	Меңгеруші А.Мырзагалиева Әдеп кеңес төрайымы Б.Улукпанова
6	Қолданбалы этикалық білімдер жүйесіндегі кәсіпт этика	Наурыз	С.Жоламанова
7	Қорытынды жиналыс	Мамыр	Әдеп кеңесінің мүшелері

29.08.2024ж «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
казыналық кәсіпорынының Педагогикалық әдеп кеңесінің
-№1 Хаттамасы

Қатысуға тиіс:8

Қатысқаны:8

Күн тәртібінде: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің
2024-2025 оқу жылына арналған жоспарды әзірлеу,
енгізу және бекіту.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті меңгеруші А Мырзағалиева ашты.

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Тыңдалды: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің төрайымы
Б Улукпанова.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жоспарды толығымен таныстырып өтті.

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы –

ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз балаларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайтынын айтып өтті.

Сөйлеушілер: В.Кадирова

Ұстаз этикасы – педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады

А.Жаңабаева

Ұстаз ата-аналармен, балалармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Мензада Ерболатовна чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес шешімі:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің
2024-2025 оқу жылына арналған жоспары бекітілсін.

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК

менгерушісі м.а.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес

қызметінің төрайымы

Хатшы:



С.Жоламанова

Б Улукпанова.

М.Утеуова

29.05.2025ж «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Педагогикалық әдеп кеңесінің
№ 2 Хаттамасы

Қатысуға тиіс:8

Қатысқаны:8

Күн тәртібінде: 2024-2025 оқу жылына арналған жоспардың орындалуын талқылау.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті меңгеруші м.а С.Жоламанова ашты.

Тыңдады: педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес төрағасы Б.Улыкпанова жылдық есебімен таныстырып өтті.

Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мүшелерінің 2024-225 оқу жылының қызметіне талдау жасады.

Сөз сөйледі: "Еркетай" топ тәрбиешісі В.Кадилова әдеп жөніндегі Кеңестің жұмысына сипаттама беріп, жұмыс жыл бойы жүргізілгенін және қанағаттанарлық баға бергенін атап өтті. Оны педагогикалық этика Кеңесінің басқа мүшелері қолдады.

Психолог Р.Аралқызы

Ол, педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мүшелерінің жоспары толық орындалғанын айта отырып, ата-анамен қарым қатынастары жақсы жолға қойылғанын және балабақша ішінде сенімді орта құрылғанын айтты.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес шешімі:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарға «қанағаттанарлық» деген баға берілсін.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

меңгерушісі м.а

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес

қызметінің төрайымы:

Хатшы:



С.Жоламанова

Б.Улыкпанова.


М.Утеуова.

Этиканың негізгі категориялары

Барлық ғылым түрлеріндегі сияқты этикада да бірқатар категориялар бар. Категориялар заңдармен, қағидалармен, әдістермен біріге отырып, кез келген ғылымның мазмұнының негізін құрайды. «Категория» сөзінің өзі грек тілінен шыққан. Ол арқылы шынайы өмірдің маңызды жақтарын көрсететін мейлінше жалпы түсініктер сипатталады [5].

Көптеген философиялық-теориялық пәндермен салыстырғанда этиканың категориялары күнделікті тілде кең пайдаланылатын сөздерден тұрады. Этикалық категориялардың барлығы табиғат құбылыстарына еш қатысы жоқ, тек тікелей адам әлемімен байланысты ұғымдар. Өйткені адамгершілік, аты айтып тұрғандай, тек адамға, яғни жақсылық пен жамандықтың арасын ажырата білетін ерік-жігері бар жан иесіне ғана тиесілі **Достық** - адамдардың бір-бірін қажетсінуінен, құрмет тұтуынан, шынайы тілектестіктен, сенімнен құралады. Достық қарым-қатынас дегеніміз - жеке адамдардың бірін-бірі жақсы көруіне және ұнатуға, мақсат бірлігіне, ұзақ уақыт және жан-жақты, тату-тәтті араласуына негізделген аса тығыз қарым-қатынас, үлкен сезім.

Этиканың негізгі категориялары



Махаббат - достықтың, татулықтың шыңы, адам өмірінің ұлы жарастығы. Онсыз өмірдің мәні, қызығы, құны жоқ. Ақын Абай: «Махаббатсыз дүние - бос» деп тегін айтпаған. Махаббатпен адамның бүкіл тіршілігі байланысты. Адам дүниеге келген мезеттен ата-ана махаббатының жылуына бөленсе, одан кейін дос-жаран, жора-жолдастарының сүйіспеншілігін біледі, бірте-бірте сүйіктісінің, жарының махаббатымен қауышады. Барлық ұлы істерге адамды қажыр беріп бастаушы күш - махаббат. Адам біреуді сүйгендіктен, біреудің өзін сүйетіндігін немесе болашақта сүюінен үміттенгендіктен, оның бойын күш-жігер кернеп, биік мақсаттарға ұмтылады. Ол адам жанының екінші біреуге, адамдар қауымына немесе белгілі бір идеяға бағытталған сүйіспеншілігі мен құштарлық сезімінің аса нәзік түрі. Махаббат ұғымының мазмұны өте кең. Оның адам жанының махаббаты, белгілі бір идеяға, Отанға, ата-анаға, жалпы адамзатқа деген түрлері көп. Махаббатта сезім мен ақыл ұштасып, адам парасатты

табиғи күш ретінде көрінеді. Махаббат адам көңілін шартарапқа желдірер, көңілін аспанға көтерер, нәзіктік пен құштарлықты тудыра, қорқынышы мен үрейі, қызғаныш пен қасіреті көп күрделі жағдайларға жол бермейтін ғаламат сезім.

Жомарттық - басқаға жақсылық жасап, көмек көрсетуге пейілділік.

Ізгілік пен зұлымдық - этиканың негізгі категориялары. Ең абстрактілі деңгейде ізгілік пен зұлымдықты адамгершілік пен өнегесіздіктің баламасы деуге болады. Ізгілік арқылы адамдар өздерінің ортақ мүдделерін, талап-тілектерін, болашақтан үмітін жүзеге асырады. Сонымен, ізгілік шапағатымен өмір гүлі өсіп, тамыр алса, зұлымдық өмірдің түбіріне балта шабады. Ізгілік категориясына барлық оң қылықтар жинақталған.

Ар, намыс, ұят, абырой ұғымдарының бір-бірімен тығыз

байланыстылығы соншалық, оларды бөліп-жарып қарастырудың өзі қиын.

Неміс философы И. Канттың жүрек тебіренерлік мынадай жолдары бар:

«Бұл әлемде өзінің шексіздігі мен ғаламаттылығы тұрғысынан адамды таңдандыратын тек екі нәрсе ғана бар: төбемдегі мәңгілік шексіз аспан және менің ішкі жан дүниемдегі адамгершілік заңы». Осындағы адамгершілік заңының жүзеге асуын қадағалаушы - ар мен ұят. Ұят - адамгершіліктің жемісі, сонымен қатар ардың қосшысы. Ұят жоқ жерде әдеп, инабаттылық жоқ. Ненің ұят және ненің ұят еместігі туралы түсініктердің барлық жерде әртүрлі екенін айта кету керек. Ұят - адамның өзінің қоршаған ортасында қалыптасқан ортақ нормаларға немесе қауымның өзінен күткен биіктеріне сай келмегендігін сезінуден туындайтын қолайсыздық күйі. Армен және намыспен салыстырғанда ұят ішкі, өзінмен-өзі қалатын күй емес, басқалардың, қоршаған ортаның көзқарасымен анықталатын күй. Өйткені адам өзі жасаған келеңсіз әрекеті, қылығы үшін басқалардан еститін сөзді ойлап, олардың өзі туралы көзқарастарының бұзылатындығын ойлап уайымдайды.

Намыс - адамның жан дүниесі мен Отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының мәнін сезінуімен оянып, соның амандығы мен бүтіндігі үшін күресінен көрінетін көрініс. «Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы» деген қағидадан көрініс тапқан, яғни ар-иманның қадірін білумен айқындалатын намыстың бір түрі адамның адамдық келбетін айқындайтын асыл қасиеті. Адам өз бойындағы ең асыл құндылық иман, ар-ождан қазынасы екенін танып білгеннен кейін, оны қорғау, ұлғайту қамымен ғылым, білім іздеп еңбектенсе ол шын мәніндегі намысты тапқаны күмәнсіз. Өзін-өзі танудан бастау алған адамның рухани ізденісі оның қоршаған ортасын меңгеруіне ұласады.

Намыстың тағы бір көрінісі - қоғамдағы өз орнын белгілегеннен кейінгі қауым алдындағы өзінің адамдық борышы, халқына еңбек ету бағытындағы адамның отансүйгіштік сезімі. Бұл оның ұлттық құндылықтарын түйсінуінен, туған халқымен жақындығын сезініп, оның рухани мұраларына деген риясыз ықыласынан және туған елін қорғауға ұмтылысынан байқалады. Сондай-ақ отбасының мұң-мұқтажын қамтамасыз ету және оны қорғаумен байланысты да намыс болады. Адам өзі қымбат деп білген нәрсесін неғұрлым қастерлеп,

күрметтесе және оған сүйіспеншілік сезімімен қараса - бұл да намыстың белгісі. Демек, намыс адамға тән асыл ізгі махаббат сезімімен тығыз байланысты. Махаббат намыстың сезімдік қайнары болса, намыс махаббаттың құндылықтық мәні, әрекеттік қыры. Намыс адамның жігерін жанып, ерлік пен тәуекелге жетелейтін, табандылығын арттырып, қажыр-қайрат беретін қуат.

Абырой - адамның өз іс-әрекеттерінің тиесілі адамгершілік мұраттарына сәйкес келетінінен пайда болатын өзіндік жетістік. Ар мен намыс арқылы адамның өз қылықтарына тиесілі парыз, міндетті бағалай білетіндігі көрінеді. Адамның парызы сияқты ары мен намысы да өзіндік, ешкімге тәуелсіз дүние.

Парыз - адамның моральдық мұратқа байланысты қойылған талаптарды орындау қажеттілігі. Адамның парызы ізгілікке еру, өзі сияқты басқаларға мүмкіндігінше көмек көрсету, зұлымдыққа жол бермеу сияқты әрекеттерден құралады.

Әділеттік - ізгіліктің нақтыланған өзіндік түрі. Ол адамды қоғамның елеуі, марапаттауы түрінде көрінеді. Әділеттік - тарихи қалыптасқан ұғым.

Бақыт - этиканың іргелі категориясы. Мәдениет тарихында бақыт мәселесімен айналысатын фелицитология деген пән де болды. Фелицитарлық шығармаларды атап өтер болсақ: Аристотельдің «Никомах этикасы», Сенеканың «Бақытты өмір жайында», Фома Аквинскийдің «Бақыт туралы трактаты», Әулие Августиннің «Бақытты өмір сүру туралы», Әл-Фарабидің «Бақыт жолына сілтеу» сияқты бақытқа арналған шығармалар қаншама көп болса, бақытты түсіндіру де соншалық әртүрлі. Біреулер бақыт дегеніміз махаббат десе, енді біреулері бақыт жүзеге асқан мақсат деп біледі. Ғылымда бақытқа мынадай төрт түсініктеме беріледі:

- бақыт дегеніміз - жолы болып, «жұлдызы жанғандық»;
- бақыт - қуаныш, ләззат және жан қызығы;
- бақыт дегеніміз - ең жоғары ізгілікке қол жеткізу;
- бақыт - өз-өзіңе, жалпы өмірге көңілі толған «төрт құбылаң түгелдік» күйі.

Құндылықтар тұрғысынан алғанда, бақыт деп - адам өміріндегі мейірімнің өлшемін айтамыз. Өйткені тек ізгілік пен мейірім ғана адамды қуанышқа бөлеп, шаттандырады.

Жүздесу - адами табиғаттың болмыстық алғышарты. Өйткені, адам санасының өзі адамның бір-бірімен қарым-қатынас жасауының нәтижесінде қалыптасты. Адам миының жемісі болып табылатын сана - мидың қос жартышарларының сұхбатының нәтижесі. Ешбір адам бүкіл өмір бойы өзіне-өзі ғана жеткілікті болып, басқа ешкімді қажет етпей өмір сүре алмайды [6]. Этикалық категориялардың өзіне ғана тән бірқатар ерекшеліктері де бар:

Біріншіден, олар адамдардың жүріс-тұрысымен, олардың жақсылық пен жамандық, борыш, абырой, әділдік туралы көзқарастарына сәйкес бір-біріне, қоғамға, мемлекетке, отбасына, ұжымға деген қатынасымен байланысты әрекеттерін көрсетеді. Алайда, мұндай жағдайларда олар

эрқашан таза күйде көрініс таппауы да мүмкін, себебі, кейбір кездерде олар басқа ғылымдардың категорияларымен араласып кетеді де, сол категориялардың адамгершілік аспектілерін ашып көрсетеді.

Екіншіден, этикалық категориялар бағалаушылық, аксиологиялық сипатқа ие. Басқаша айтқанда, олардың барлығын жақсылық пен жамандық, қайырымдылық пен зұлымдық тұрғысынан бағалауға болады, ал олардың өздері осы бағалаудың нысаны ретінде көрініс табуы мүмкін.

Үшіншіден, олар адамдардың жүріс-тұрыстары мен қарым-қатынастарын реттеу құралы болып табылады, қоғамның адамгершілік талаптарын көрсетеді.

Төртіншіден, басқа да адамгершілік құрылымдар: қағидалар, нормалар, талаптар, ережелер этика категорияларының беделі мен маңыздылығына, қоғамдық көзқарастың немесе жеке тұлғаның өзіндік санасының күшіне негізделеді.

Бесіншіден, этика категорияларында басқа ғылымдардың категориялары мен түсініктерімен салыстырғанда, қоғамдық қатынастардың эмоционалдық жағы мейлінше кең көрініс табады.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Этикалық категориялардың қазіргі қоғамдағы мәні мен мазмұнына өз пікіріңізді білдіріңіз.
2. Өзін-өзі жетілдіруде этика категорияларының маңызы жайлы жұптық талдау жасаңыз.
3. Этиканың негізгі категорияларының мазмұнына арналған эссе жазыңыз.

1-тапсырма. Белгілі бір уақыт ішінде оқыған әдеби шығармалар кейіпкерлері туралы кестені толтыру.

Шығарма атауы	Авторы	Кейіпкері	Қандай?	Қандай жағымды қасиеттері мен қылықтары ұнайды?	Кейіпкерге ұқсағың келе ме, жоқ па? Себебін түсіндір.

2-тапсырма. «Әдемі ойлай және демала біл». Толқыған кезде, асықпай дем алуға үйрен. Түзу отыр, қолдарыңды тізелеріңе салып, көздеріңді жұмындар, терең дем алыңдар:

- Ойша: «Мен арыстанмын», - деп демінді ішке ал, сыртқа шығар;
- Дауыстап: «Мен құспын», - деп демінді ішке ал, сыртқа шығар;
- Дауыстап: «Мен гүлмін», - деп демінді ішке ал, сыртқа шығар;
- Дауыстап: «Мен сабырлымын», - деп демінді шығар.

Сен сабырлысың, сенің қолыңнан бәрі келеді!

Момартиниң - арам бойнидаги ишги расмие.
1 Абайниң 38 шафасожиңе се-е уш синаон
айтири. Олар: кенириңи,
ау кейиерилик,
даниелай.

Шниридаган згиле,
ау кейиериликке маанатас.
даниелдаган адуцао матауи болуш.
Байниңи америай расмие бар неан
момаро асансе, ошундасо таи истре
момартиниң г. а.

Момаро бер келин айтае, ер айтаелман
"хайтае" деген мафай ошуну айтаи.

Ізгілікпен зүлмүдүмүз.

Адам оор бир мааломатта өйдө.

Аны кичинекей жаша өйдө

Бир-биримен сүйлөшөбүз ізгилик керектиги

мактада ал бирөөлөр кыскасына

зүлмүдүмүз керектиги мактада

Кей жаштарда ізгиликпен же зүлмүдүмүз

жаштар тууралуу деп мааломат

мааломатта өйдөбүз анын өзү жаштарда

сендеги бул себепти зүлмүдүмүз

мааломатта бир-биримизге изгилик.

же өйдө сүрөт болот.

Махаббат.

Махаббаттың бірнеше түрі бар.

Аналық баула махаббаты.

Отбасылық махаббат

эр адам өзінің ісінің, тұлғасының махаббаты. Үлгісі мақдатын мамандық-ның ұстауы. Міне ұстау махаббаты

оның аясында ишкірті. Сол ишкіртке өмірлік жолы бағыт бағдары беруге

бар махаббатты қуат жігері салу керек деліні. Осы бағытты маңызды

беру үшін эр педагог өзін-өзінің ісіне деліні махаббаты зор болу керек.

Ар, калмык, үет

Венера. К.

Мениң айымша үет гелек калмык
ертеден келе матчы үет, аралы отпик
айтпн сурсада отан буса келик елики
сурса елес гелу бус үет.

"Үет" сөзи үет, калмык терезе сөзү бус:

Үет калмык кир келтирүүлик, форма,
матчыра белеу гелек үет.

Үетте бус сөзүлү керемет эретилик бус,
бүлүгү үетте бусурулу.

Ар, калмык мениң түрүлүк бусулу
көшөргө кетик бус матчы бусуру
орусия сөзүлү, ошн матчы кетик
алмасыра орусия сөзүлү сөз
матчы үет калмык матчы үет
бусу бусу матчы орусия сөзүлү
мен үет үет калмык.

Үетте үетте үет келтирүү сөзүлү
матчы сөзү сөзү үетте матчы

Қолданбалы этикалық білімдер жүйесіндегі кәсіби этика

Қолданбалы этика - бұл практикалық моральдық мәселелерді зерттейтін кәсіби этика саласы. Қолданбалы этика дегеніміз - адамдардың өмірінің белгілі бір саласында және белгілі бір жағдайларда белгілі бір мінез-құлықты үйретудің практикалық функциясын орындайтын нормалар мен ережелер жиынтығы. Қолданбалы этика Батыс Еуропа және АҚШ елдерінде 20 ғасырдың соңғы онжылдықтарында құрылды. Қолданбалы этиканың мақсаты - бұл пәнді басқа қолданбалы пәндермен - қолданбалы лингвистика, қолданбалы математика, қолданбалы физикамен байланыстыру.

Әдетте, қолданбалы этика зерттейтін мәселелер екі немесе одан да көп баламалы және негізделген шешімдері бар моральдық дилемма (екі мүмкіндіктен таңдау қажеттілігі) түрінде болады.

Зерттеушілер А. А. Хусейнов және Л. В. Коновалова қолданбалы этиканы философия ғылымы ретінде этика дамуындағы жаңа кезең деп санайды. Қолданбалы этиканың пайда болуы бірнеше себептерге байланысты. Олардың ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- қоғам өмірінің құндылығы мен этикаға қатысты ізгілендіру туралы қоғамның хабардар болуы, яғни оның әлеуметтік және саяси мәселелерден алшақтап, адамгершілікке бейімделу және әр адам үшін маңызды мәселелерге бет бұру;

- ғылымның қарқынды дамуына байланысты адам күшінің өсуі және адамзаттың табиғатқа тұтынушылық қатынасының зияндылығы туралы сұрақтарға жүгіну;

- адам геномына араласудың орындылығын талқылау;

- әлем елдерінің бай және өте кедей болып бөлінуі, азғындық.

XX ғасырдағы білімнің тұрақты өсуі және технологияның дамуы

адамның санасына ерекше өзгерістер әкелді. Нақты дерексіз

тұжырымдамаларды сенімді моральдық қағидаттарға айналдырып,

көзқарастар белгілі бір координаталар жүйесінде өзгере бастады. Ғылым мен

техникадағы прогресс түбегейлі өзгеріп, адамның өмір сүру дағдысы өзінің

қоршаған ортасын өзгертуге ықпал етті. Классикалық этикалық

тұжырымдамаларды қайта қарастырудан ғылыми-техникалық прогрестің

салдарын объективті бағалауға және жаңа моральдық қағидаларды жасауға

мүмкіндік беретін жаңашылдықты қалыптастыру қажеттілігі туындады.

Осылайша этика теориялық ғылымнан *қолданбалыға* айналды, сонымен

қатар қолданбалы этиканың кейбір түрлері пайда болды. Олар: биоэтика,

экологиялық этика, іскерлік этика, ғылым этикасы, саяси этика т.б.

Қолданбалы этика мәртебесін анықтайтын төрт позиция бар:

1. Этикалық теорияны практикалық қолдану.

2. Қазіргі кәсіби этика.

3. Практикалық моральдық мәселелердің ерекше түрінің үйлесімі.

4. Қоғамның моральдық теориясы мен моральдық практикасының

үйлесімімен сипатталатын этика дамуындағы жаңа кезең.

Қолданбалы және кәсіби этика арасындағы айырмашылық мынада: кәсіби этика мамандыққа қатысты негізгі моральдық қасиеттерді

нақтылайды, қолданбалы этика нақты моральдық жағдайларға назар аударады.

Қолданбалы этика мен кәсіби этика өзара тығыз байланысты.

Мұғалімнің кәсіби этикасына педагогикалық этиканың негізгі қағидаттарын жатқызуға болады:

1) Адалдық

Педагог адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, оқушылардың, ата-аналардың, әріптестердің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

2) Әділдік

Педагог әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке оқушының, оның ата-анасының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;

3) Өзінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу

Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білімалушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік танытады. Білім беру процесінің қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермейді;

4) Жалпы адами құндылықтарды құрметтеу

Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетін ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды.

Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білімалушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діни көзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді;

Педагог мектеп ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға мүмкіндік туғызады;

5) Кәсіби ынтымақтастық

Педагог мамандығының мәртебесі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалім беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

Педагог, қандай да бір дұрыс емес нәрселерді жасауға, өз әріптестерінің сеніміне нұқсан келтіруге, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмек беруге жәрдем көрсетеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызмет етпейді;

6) Үздіксіз кәсіби даму

Педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

Педагогикалық әдептің негізгі нормалары.

Педагог қызметкер өз қызметінде:

- 1) білімалушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;
- 2) Қазақстан Республикасы педагог қызметкерінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;
- 3) өзінің қызметтік міндетін адал және сапалы орындайды;
- 4) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады;
- 5) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды;
- 6) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;
- 7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады;
- 8) қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;
- 9) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды;
- 10) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісінде болады.

7. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагог қызметкер:

- 1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді;
- 2) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестері тарапынан осындай іс-әрекеттерді болдырмау үшін күш салады;
- 3) өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, оған сабырлылықпен қарайды, өзінің кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады;
- 4) білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсетеді.

8. Әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагог қызметкер:

- 1) жалпы қабылданған адамгершілік-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтайды;
- 2) басқа педагог қызметкердің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді [7].

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Қолданбалы этикаға түсінік беріңіз.
2. Қолданбалы этиканы зерттеушілер туралы мәліметтер жинақтап,

презентация әзірлеңіз.

3. Педагогикалық әдеп қағидаттарын оқып, жадыңызда сақтаңыз.

4. «Өзін-өзі жетілдіру» бағдарламасын құрыңыз.

1-тапсырма. Сіз осы қоғамның бір мүшесісіз. Аткаруға тиіс қыруар жұмыстарыңыз бар. Қоғамның бір мүшесі ретінде жауапкершілікті сезініп көрдіңіз бе? Ол үшін не істеу керек деген заңды сұрақ туындайды. Ең алдымен, өз-өзіңізді жетілдіруді үйреніңіз. Оны қалай жүзеге асырамыз? Біздің кеңестерімізге құлақ түріңіз. Жан-жақты болуға ұмтылыңыз!

Ой әрекеті	Моральдық	Әлеуметтік
1. Жан-жақты ойлау	1. Риясыз сүю, өз-өзіне және өз күшіне сену	1. Тұрақсыз серіктестерден аулақ болу
2. Ақылдылардан да артық оқу	2. Шыншыл болу.	2. Жеке ойлану
3. Назар салып тыңдауды үйрену	3. Әділетсіз адамның басқа қасиетінен де үлгі алмау	3. Жалғыздықта бақытты сезінуді үйрену
4. Ең үздік баспасөз құралдарын пайдалану	4. Мүмкіндігіне қарай көбірек демалуға тырысу	4. Отбасы – өзін-өзі дамытуға ықпал етуші фактор
5. Есте сақтау қабілетін жетілдіру	5. Өзін-өзі алдамау	5. Өз мәселелерін өзі шешуді үйрену
6. Жинақы болу	6. «Жоқ» деп айтып үйрену	6. Әртүрлі «ұйымдардан» аулақ жүру
7. Әр нәрсеге алаңдамау	7. Өз қағидаларына сәйкес өмір сүру	7. Көршілермен жақсы қарым-қатынас жасау.
8. Жүйелі болу	8. Азғырулардан сақтану	8. Қайырымдылықпен шұғылдану
9. Екі жақтың проблемасын өлшеп, салыстыру	9. Жақсы әдеттерді қалыптастыру	
10. Айналадағылардың өсек-аянынан қашу	10. Ережемен өмір сүру	